

ТОҚЫМА СТАНОГЫНЫҢ ТАРИХЫ

Болатбекқызы Самғар

bolatbekkyszamgar@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Т.В. Брынза

Тоқыма станогының тарихын кеңінен қарастырып қарайтын болса, біз Еуропа, Англия, Азия сынды халықтарда көптеп таралғанын көре аламыз. Алғаш тоқыма станоктары формасы жағынан тік орналастырылған (сур.1). Бұл жіпті жерге дейін салмақпен басып жақтаулар арқылы созылған қарапайым тігін машинасы. Жіп шатасып кетпеу үшін оны ілгіштермен тартып қойған. Тігінші тігінді бастамас бұрын, қолына тігін машинасын қайығын алып жіпті ілмектеп түйістіріп отырған. Бұл техника бірнеше рет қайталады және де көп уақытты қажет еткен. Ежелгі шеберлер бұл уақытты қысқартуды, жұмыс барысын жеңілдетуді байқады. Егер барлық жұп немесе тақ жіптерді бір уақытта көтеру мүмкін болса, шебер тігін машинасының қайығын оңай бүкіл орамнан өткізе алар еді. Содан кейін жіпті ажыратуға арналған ұстауға ыңғайлы құрал - ремизді ойлап тапқан (сур.2). Алдымен ремиздің орнына ағаш шыбығын пайдаланған. Оған жіптің төменгі ұштары арқылы бекітілді. Шебер ремизді тартып, барлық жұп және тақ жіптерден бірден ажыратып алды, кейін бір тоқыма машинасының қайығын бір тоқып, алмастырып отырған. Бірақ қайтар жолда жіпті қайтадан өткізуге тура келді. Екінші рет ремизді қолдану мүмкіндік болмады, өйткені біріншісі оның

жолында тұрып қалатын. Бұл мәселені шешу үшін баудың бір ұшын, ұшындағы салмақ басарға байды. Ал баудың екінші бір ұшын ремизге бекіткен. Жұп жіптердің ұштары бір ремизде, ал тақ жіптер екіншісіне бекітілді. Енді шебер бір немесе екінші білікке тарту арқылы тақ және жұп жіптерді ажырата алатын.

Салмағы бар станоктардың алғаш Анадолы мен Сирия аймағына пайда болған. Олардың жасы біздің дәуірімізге дейінгі 7-6 мыңжылдықтарға жататын. Ең алғашқы тоқу бейнелері Египеттегі Гематеп мазарларының қабырғаларында кездеседі. Бұл суреттердің жасы шамамен 4 мың жыл. Оңтүстік Америка халықтары біздің дәуіріміздің мыңыншы жылында салмағы бар станокты қолдана бастаған. Мұндай станокты ежелгі Элладада кеңінен танымал болды. Ол біздің дәуірімізге дейінгі 6-5 ғасырлардағы грек вазаларында жиі бейнеленген. Кейінгі ғасырларда бұл станокқа әртүрлі өзгертулер енгізген. Мысалы, ремизді қозғалысы педальдың көмегімен, аяқпен басқарылып, тоқымашылардың қолдарын босатқан. Дегенмен, түбегейлі тоқу 18 ғасырға дейін өзгерген жоқ.

11 ғасырда Қытайда жетілдірілген көлденең тоқыма станогы пайда болды. 12 ғасырда мұндай машина Дамаск арқылы Италияға келді. Және сол жерде де одан әрі жетілдіре түскен.

1272 жылы Болоньяда жіптерді механикалық орау әдісін ойлап тапқан. 1733 жылы ағылшын механигі Джон Кэй қол тоқуға арналған алғашқы рет қол тоқыма станокының қайығының механикалық түрін жасаған. Кейдің ісін Оксфордтық студент Эдмунд Картрайт жалғастырып, аяқ жетегі бар тоқу машинасына патент алды және бірінші болып тоқу фабрикасын ашқан.

Тоқудың алғашқы шарттарына келетін болсақ. Тоқу кезінде шикізат ретінде мал терісі, қамыс, бұталар мен ағаштардың жас шыбықтарын, әртүрлі шөптерді пайдаланған. Алғашқы тоқыма бұйымдары киім-кешек, аяқ киім, төсек-орын, себеттер мен торлар алғашқы тоқыма бұйымдары болды. Тоқу негізінен иіруден бұрын пайда болған деп саналады, өйткені тоқу түрінде ол адам кейбір өсімдіктердің талшықтарының иіру қабілетін ашқанға дейін болған, олардың пайдалану кезінде жабайы қалақай, зығыр және қарасора болған. Тоқыма тоқу барысында түрлі жүндер мен мамық шикізат көздері қамтасыз ететін, ұсақ мал шаруашылығыда дами түсті.

Әрине, талшықты материалдардың ешқайсысы ұзақ уақыт бойы өмір сүре алмады. Дүние жүзіндегі ең көне мата 1961 жылы түріктердің Чатал Хуюк ауылының көне қонысында қазба жұмыстары кезінде табылған және біздің дәуірімізге дейінгі 6500 жылдар шамасында жасалған зығыр матасы. Бір қызығы, соңғы кезге дейін бұл мата жүн болып саналды, тек Орталық Азия мен Нубиядан шыққан ескі жүн маталарының 200-ден астам үлгісін мұқият микроскопиялық зерттеу ғана Түркиядан табылған матаның зығыр мата екенін көрсетті.

Швейцариядағы көл тұрғындарының қоныстарын қазу кезінде тін талшықтарынан және жүннен жасалған көптеген маталар табылған. Бұл тоқыма өнерінің тас дәуірінің (палеолит) адамдарына тиесілі болуының дәлелі шығар. Бірақ ғылымда алғашқы қарапайым тоқыма станогының неолит дәуірінде табылғаны белгілі. Елді мекендер 1853-1854 жылдары қыста ашылды. Сол қыстың суық әрі құрғақ болғаны сонша, Швейцариядағы Альтиан көлдерінің деңгейі күрт төмендеді, нәтижесінде жергілікті тұрғындар ғасырлар бойы лай басқан ежелгі қоныстардың қирандыларын көре алды. Қоныстарды қазу барысында бірқатар мәдени қабаттар табылды, олардың ең төменгісі тас дәуіріне жатады. Қоныста түрлі сипаты сыртынан қарағанда дөрекі, бірақ қолдануға әбден жарамды және тін талшықтардан, жөке қап және жүннен жасалған маталар табылған. Кейбір маталар табиғи түстермен боялған және адам фигураларымен безендірілген.

20 ғасырдың 70-жылдарында су асты археологиясының дамуымен Франция, Италия және Швейцария шекарасындағы кең байтақ Алтия аймағында елді мекендер кеңірек зерттеле түсті. Елді мекендердің уақыты біздің дәуірімізге дейінгі 5000 жылдан 2900 жылға дейінгі аралықта белгіленген. Осы елді мекендерде көптеген мата қалдықтары табылды, оның ішінде сарждық тоғысу, жіп шумағы, берд ағаш тоқыма станоктары, жүн мен зығыр иіруге арналған ағаш ұршық, зығыр матасы, әртүрлі инелер. Табылған барлық заттар елді мекен тұрғындарының тоқымашылықпен айналысқанын айқын дәлелі.

Алғашқы маталар құрылымы өте қарапайым болды. Әдетте, олар қарапайым тоқу арқылы жасалатын. Алайда, діни тұрғыдағы белгілерді, адамдар мен жануарлардың жеңілдетілген фигураларын сәндік элементтер ретінде қолдана отырып, ою-өрнек маталарын ертерек шығара бастады. Ою-өрнек қатты маталарға қолмен істеген. Кейінірек олар кестемен маталарды безендіре бастады.

Бізге жеткен жиек-жеңнің және киімнің етегінің, кейде белдіктің жиегін жапқан үлгілердің сол кезде қолданылған сипатын қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Үлгілердің табиғаты қарапайым геометриялық, кейде өсімдік мотивтерін қолдана отырып, жануарлар мен адамдар бейнеленген күрделендіре отырып өзгертті.

Қазақстан археологиясында тоқумен байланыс табылған олжалар. Қазақстан аумағында Андронов мәдениеті тайпаларының арасында тоқымашылық болғандығын "Іле өзені алқабындағы сақтар мен үйсіндердің ежелгі мәдениеті" Ақышев К. А. және Кушаев Г. А. кітабында баяндалған сүйекті, тасты және сазды кішігірім ұршық-тас, қарапайым тоқыма станогынан алынған салмақ басатын заттар, тоқыма инелері ағымдағы иілуді тартылуға арналған археологиялық олжалары дәлелдейді.

Кішігірім ұршық-тас (3-сурет) – қол ұршық тас салмақтауға және оған жіпті бекіту үшін қолданылатын, бойлық ось бойынша өтетін тесігі бар диск немесе аласа цилиндр түріндегі салмақ. Ұршық-тас саздан және сүйектен жасалған. Кейде ұршық тасты тұрмыстық сынған құмыралардың қабырғаларынан жасалған. Кішігірім өлшемдері мен беріктігіне байланысты ұршық тастың дөңгелектері жақсы сақталған және олар археологиялық қазбалар кезінде жиі кездеседі.

Ресейде ұршық-тас дөңгелектері ақша қорланың бөлігі ретінде жиі кездеседі. Бұл олардың ақша ретінде пайдаланылғаны туралы қорытындыға әкелді (олар негізінен формалары шағын), әсіресе тиынсыз кезең деп айтсақта болады.

Қазақстан аумағында тоқыма өнерінің бар екендігінің тағы бір дәлелі қола дәуірінің Павловка қонысынан табылған ұршық тас. Бұл олжаларды Ақмола облысы аумағынан Есіл стационарлық археологиялық экспедициясының археологтары 2003 жылы тапқан. Ұршық-тас 1 (Сурет 4). дм. 6,1 см, қалыңдығы 0,9 см. Шеттері тегістелген. Бұйым үлкен тісті қалыптың көмегімен жасалған зигзаг қатарларымен безендірілген. Бетінің түсі ашық қоңыр. Ұршық-тас 2 (сур. 5). Ол ыдыстың қабырғасынан жасалған. Шеттері тегістелді. Бетінің түсі ашық қоңыр. Ою-өрнек сурет салу арқылы қолданылды. Бұл ұршық-тас қалыңдығы 6 мм.

Қызылауыз №1 қорымы сақ қоғамының қарапайым өкілдеріне тиесілі ескерткіш. Бұл қорымның алтыншы және тоғызыншы қорғандарынан саз балшықтан жасалған ұршық-тас табылған.

А.Н.Усачуктың Липецк қорымынан табылған сүйек үйінділерін пайдалану туралы қызықты мақаласы жарық көрген. Липецк қорымының №2 қорғанының Дон-Еділ Абашевская мәдениетінің әскери қорымдарынан, осы қорғанның үш ерекше қорымында көптеген археологиялық бұйымдар табылған. Солардың арасында сүйек пен мүйізден жасалған 24 бұйым, оның ішінде біреуі шегелі ауыздық бекітпесі, 7 белдік және т.б. 2011 жылдың күзінде МБС-10 микроскопының көмегімен Липецк №2 қорғанынан алынған барлық сүйек және мүйіз табылған заттарға трапеологиялық талдау жүргізілді. Бұл қорымда бес ер адамның жерлеген, соған қарағанда ұрыс кезінде қаза тапқан болуы мүмкін. Бір адамның жанынан сүйектен жасалған ұршық табылған. Автор бұйымның 40-50 жас аралығындағы бір адам қаңқасының мойын-кеуде аймағында жатқанына, бұлшықеттердің бекіну орындарында жарақаттың (мүмкін кәсіби әскери қару ретінде) орны қаңқа сүйектерінде айқын бедері бар екеніне назар аударады. Бұл жарақаттар егде адамның өліміне себеп болғаны анық. Мұндағы кішігірім ұршық-тас ірі тұяқты жануарлардың жамбас сүйегі мен ортан жіліктің қосылған тұстағы, ортан жіліктің сүйегінің басынадағы төнпешік сүйек бөлігінен жасалған. Мұндай құралдарды жасау схемасы өте қарапайым: басы аралау арқылы немесе периметрі бойынша жамбастың мойын аймағында кесу арқылы, аз немесе дәл сыну арқылы бөлінген. А.П. Бородовский жас малдың жамбас сүйегінің қосылмаған эпифиз, ортан жіліктің басын жай ғана сүйекті бір нәрсеге соғу арқылы ажыратуға болатынын көрсетеді.

Тек ер адамдарда ғана емес, аналық қорымдарда ірі тұяқты жануарлардың ортан жіліктің басынан жасалған ұршық кездеседі. Мысал ретінде, Новые Ключи №1 қорымның 2 жерлеу орнында 35-45 жастағы әйелдің қаңқасының қасында ұршық блоктары кездеседі.

Липецк қорымының №2-қорғанының 1-ші ұжымдық тармағының ер адамның қасынан табылған ұршықтың түсіндірмесі басқаша болады. Ю.Б. Серіков, мысалы, керамикалық, тас және сүйек дискілер садақ ату құрылғыларында от жағуға арналған дөңгелегі болды деп болжайды. Бір қызығы, Ю.Б. Серіков тұтандырғыш таяқшалармен керамикалық «шұңқырларды» пайдаланып от жағу мүмкіндігін дәлелдеп, бірқатар тәжірибелер жүргізеді. Автор зерттеушінің от жағудың мұндай отпен қатысты әдісті салт-дәстүр деп санайтынын атап көрсеткенді.

Тоқыма тарихының тарихын айтқанда Қытайда табылған ежелгі тоқыма станоктарының миниатюралық үлгілері айтпай кету жөн болмас. Бұл археологиялық қазбаның негізгі бағыты Чэнду қаласында метро салу жоспарына байланысты болатын. Барлау жұмыстары кезінде екі мың жылдан астам ескі жерлеу орнын тапты. Қабірден шамамен 50 жастағы әйелдің сүйегі және оның айналасында 15 тоқыма қуыршақ және тоқыма станоктарының шағын ағаш үлгілері болған. «Ежелгі тоқыма станоктарының үлгілерінің өлшемдері 86×26×50 см. Бұл – әлемде бар тоқыма станоктарының ең көне үлгілері. Бұл үлгілерден басқа қабірде тоқымашылар бейнеленген мүсіншелер болған. Ағаштан жасалған ондаған мүсіншелердің әрқайсысының биіктігі 25 см. Бір қызығы, мұнда қуыршақтар екіге бөлінеді: көмекші қуыршақтар «шеберлер» және қарапайым жұмысшылар болып екіге бөлінеді», - дейді Қытай Ұлттық Жібек мұражайының басшысы Фэн Чжао. Жерлеу орынындағы ағаш станоктары бұрын күрделі тоқыма бұйымдарын өңдеу үшін пайдаланылған нақты тоқыма станоктарының миниатюралық нұсқалары болды. Олар өрнектер мен конструкцияларды жасау үшін пайдаланылды. Қабірдің өлшемі 7 x 2,5 x 3 м, бұл өте қарапайым болып саналады. Қабірді күзететін нефрит мөрі. Қабірге кіре берістегі мөр сынған болып шықты, бұл қабірдің тоналып кеткенін көрсетеді. Қабірдің безендірілуіне сүйене отырып, археологтар жерлеу Цзинди императорларының тұсына жатады деген болжам жасады (157-141 жж.) және Уди (б.з.б. 141-88 жж.)

Көптеген уақыт ең алғашқы тоқыма станоктары Қытайдағы неолит дәуіріне жатады деп есептелді. Бұл тұжырымға да дәлел болатын археологиялық олжаларда жетерлік. Қытайдың шығысындағы Чжэцзян провинциясында табылған станоктың жасы 8 мың жыл болған. Ал гректердегі ең көне стаоктың жасы шамамен айтқанда 2400 жыл. Тағы Қытай территориясында Хэнань провинциясындағы Цзяху қаласындағы 8500 жыл бұрынғы қытай қабірлерінен ыдыраған жібек ақуыздарын топырақтан ұқыппен қарап отырып, бөліп алған болатын. Археологтар бұл қорымнан қарапайым жасалған сүйек инелерін тапқан болатын. Және осы археологиялық олжалар арқылы, сол жібек маталар бүгінгі күнге дейін жібектің жасалуының ең көне дәлелі деген.

Сөзімнің соңын қортындалай кетсем. Тоқу адам өміріне үлкен өзгерістер әкелді. Ежелгі адамдар сияқты жануарлар терісінің орнына, әр түрлі маталардан, зығырдан, жүннен жасалған киімдер, төсек-орындар тұрмыстық қолданысқа керекті заттар жасай білген. Қарапайым тоқу станогынан басталған бұл әркет, міне өте келе өзіндік өндірістік күшке айналған. Тоқыма шаруашылығының кеңінен таралу бағытында да Қазақстан аумағында Андронов мәдениеті тайпаларының арасында тоқымашылық болғандығын "Іле өзені алқабындағы сақтар мен үйсіндердің ежелгі мәдениеті" Ақышев К. А. және Кушаев Г. А. кітабында баяндалған сүйекті, тасты және сазды кішігірім ұршық-тас сынды археологиялық олжалар дәлелдей түседі. Бірақ, мен келтірген ақпараттар, жалпыда әлемде табылып жатқан археологиялық, тарихи мәліметтер түбегейлі тоқыманың көне замандағы қыр-сырын толықтай аша алмады. Бұл тұрғыда түбегейлі зерттеу мен тоқыма тарихын зерттеу барысындағы ғалымдардың әлемдік, не Азия, Еуропа бөлемінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізілуі керек деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. // Алма-Ата: 1963.
2. Археология Средней Азии и Ближнего Востока. Ташкент, 1983.
3. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов вузов. - Алматы, 2006
4. Коробкова Г.Ф. Орудия труда и хозяйство неолитических племен Средней Азии. Л., 1969.
5. Максимова А.Г. Эпоха бронзы восточного Казахстана - Академия наук, 1959.
6. Спасский И. Г. «Русская монетная система». Л., 1962
7. Усачук А.Н. Костяные «пряслица»: варианты использования// Материалы международной научно-методической конференции «VIII Оразбаевские чтения» по теме «Археология, этнология и музеология в системе современного высшего образования», приуроченной к 25-летию независимости Республики Казахстан 1-2 апреля 2016 г.
8. Цимиданов В.В. Веретено в обрядах населения срубной культуры // Текстиль эпохи бронзы евразийских степей. Труды ГИМ. Вып.109. - М., 1999. - С. 224-227.
9. В древней гробнице в Китае археологи нашли миниатюрные ткацкие станки // URL:<http://wordyou.ru/256886-v-drevnej-grobnice-v-kitae-arxeologi-nashli-miniatyurnye-tkackiestanki.html>